Қарағанды облысы білім басқармасының

Осакаров ауданы білім бөлімінің «№8 ЖББМ» КММ.

# Сынып сағаттың тақырыбы:

# *«Бейбітшілік пен келісім сабақтары »*

# 5 сынып

**Жетекші: Қарабай М.Қ.**

**Сынып: 5**

**2023 – 2024 о.ж.**

**Күні:** **Мұғалімнің аты-жөні:** Қарабай М.Қ

**Сынып:** 5 **Қатысқандар:** **Қатыспағандар:**

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Бейбітшілік және келісім сарайы |
| **Сабақтың мақсаты** | • Мәтіндегі көтерілген мәселе бойынша сұрақтар құрастырады, ауызша мәтіндер үшін жоспар құрады.<br>• Мәтіндегі көтерілген мәселе бойынша оқырман қарым-қатынасын анықтауға арналған сұрақтар құрастырады, жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрады.<br>• мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастырады, ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:** талқылау сұрақтарын құрастыруда жаңа сөздерді қолданады. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** экстерьер, витраж. |
| | **Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** |
| | *Талқылауға арналған сұрақтар:* |
| | Неліктен Бейбітшілік және келісім сарайының экстерьеріне пирамида таңдалған? |
| | *Не себепті* ғимаратқа «Бейбітшілік және келісім сарайы» деген атау берілді *деп ойлайсыз?* |
| **Құндылықтарға баулу** | Құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілігі қалыптасады. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>2 минут | **<u>КҮНДЕЛІКТІ ШАРАЛАР:</u>**<br>Оқушыларды түгендеу, сабаққа дайындықтарын бақылау.<br>Оқушыларды топқа бөлу(талаптары әртүрлі оқушылар):<br>1топ – сары пирамида;<br>2топ – көк пирамида;<br>3топ – қызыл пирамида.<br>Саралаудың *жіктеу* түрін қолданамын. | қима қағаздар,  |
| 3 минут | **<u>ШИРАТУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ:</u>**<br>**«Тосын сұрақтар» әдісі арқылы өткен тақырыпты пысықтау.**<br>Сұрақтар:<br>1. ҚР Тәуелсіздігінің 32 жылдығымен қатар қандай тарихи оқиға орын алды?<br>2. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің әлемдік саясатта атқаратын рөлі қандай?<br>3. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қандай мүшесі?<br>4. Бұл Кеңеске мүше болу Қазақстан үшін қаншалықты маңызды? | Сұрақтар жазылған қима қағаздар |
| 3минут | **<u>КІРІСПЕ:</u>** | Интербелсенді |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>«Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы оқушыларға бірнеше суреттер көрсетіледі. Суреттер бойынша балалар бүгінгі тақырыпты болжайды.<br> <br>Сабақтың тақырыбын таныстыру: «Бейбітшілік және келісім сарайы»<br>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін оқушылармен талдап, таныстыру.</td>
<td>тақта</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br><br>2минут<br><br>10минут<br><br>1минут</td>
<td><u>ДАМУ:</u><br>1-тапсырма. «СПИН сұрақтар» әдісі. Саралаудың диалог және қолдау тәсілі (тапсырманы орындау барысында қолдауды көп қажет ететін оқушыларға жан-жақты әрі нақты көмек көрсетіледі)<br>Жеке жұмыс. Оқылым алды.<br>Тапсырма қадамдары:<br>Сұрақтар:<br>1. Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайын білесіңдер ме?<br>2. Ол жерде болғандарың бар ма?<br>3. Ғимараттың атқаратын қызметі туралы болжамдарың қандай?<br>Жаңа сөздермен жұмыс:<br>1. Витраж(фр. vitre, лат. vitrum - шыны) - металл (көбінесе қорғасын) өзек арқылы бекітілген түрлі-түсті әйнектерден жасалатын ою-өрнекті немесе сюжетті декоративті композиция.<br>2. Экстерьер (латын тілінен аударғанда— сыртқы, антоним интерьер) — ғимараттың архитектуралық сыртқы көрінісі.<br>Топтық жұмыс. Оқылым тапсырмасы<br>Тапсырма қадамдары:<br>1.Мәтінді оқып, көтерілген мәселені анықтайды.<br>2. Оқырман қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастырады.<br>3. Сұрақтарды кестеге түсіреді.
<table>
<tr><td>С<br>ситуация-лық</td><td>П<br>проблема-лық</td><td>И<br>ұғындыру-шы</td><td>Н<br>бағыттау-шы</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Оқылымнан кейінгі тапсырма.<br>1. Неліктен Бейбітшілік және келісім сарайының экстерьеріне пирамида таңдалған?<br>2. Не себепті ғимаратқа «Бейбітшілік және келісім сарайы» деген атау берілді деп ойлайсыз?</td>
<td>Флипчарт, маркерлер</td>
</tr>
<tr>
<td>10минут</td>
<td>2-тапсырма. «Жоспар құру» әдісі.<br>Саралаудың тапсырма тәсілі. (оқушылардың білім деңгейіне қарай нәтижелері де әртүрлі болады) (оқушылар қабілеттеріне қарай ауызша мәтін үшін</td>
<td>«Арман-ПВ» баспасы, 2019 жыл, Астана, 181-183 бет.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | немесе жазбаша мәтін үшін жоспар құрады)<br>**Жұптық жұмыс.**<br>**Тапсырма қадамдары:**<br>1. «Бейбітшілік пен келісім сарайы – ұлттық бірліктің ұйытқысы» тақырыбын ашу мақсатында мәтінді оқиды.<br>2. Маңызды тірек сөздерді жинақтайды.<br>3. Жинақталған материалдар негізінде ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрады.<br>**I Кіріспе**<br>**II Негізгі бөлім**<br>**1.**<br>**2.**<br>**3.**<br>**III Қорытынды**<br>**Мұғалімнің қорытынды сұрағы:**<br>Күрделі жоспардың негізгі бөлімін құрылымдауда қиындықтар болды ма? | http://armanpv.kz/?book=162<br>«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының 2-құндылығы. |
| **Сабақтың соңы**<br>5минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>1минут | **<u>БҮКІЛ СЫНЫП ОРЫНДАЙТЫН ЖҰМЫС:</u>**<br>**Саралаудың қорытынды тәсілі. Жеке жұмыс**<br>Көзделген мақсатқа сәйкес тақырыпты 5 сөйлеммен қорытындылайды.<br>**Тапсырма қадамдары:**<br>Тақырыптық сөйлем<br>1.<br>Қолдаушы сөйлем<br>1.<br>2.<br>3.<br>Қорытынды сөйлем<br>1.<br>**Мұғалімнің қорытынды сұрағы:**<br>**1.** Бүгінгі тақырып бойынша ең маңыздысы не болды?<br>**2.** Сіздер үшін не қиындық тудырды немесе түсініксіз? | |
| 2 минут | **<u>КҮНДЕЛІКТІ ШАРАЛАР:</u>**<br>Оқу мақсаты мен бағалау критерийіне талдау жасау.<br>*Үй тапсырмасын беру:* сабақтан түйген ойларыңды толықтырып, еліміздің бейбітшілік бесігі екендігін дәлелдейтін аргументативті эссе жазып келіңдер. Сөз саны - 200<br>**Рефлексия: «Бес саусақ» әдісі**<br> | Түрлі-түсті «бес саусақ» қималары |